



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-155-2-281-297>

ХҒТАР 17.71.07; 17.07.41

Ғылыми мақала

А.Ж. Шәріп 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com)

ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ “ÖLEŦ” ТЕРМИНІ: ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Мақала түркі поэтикасында маңызды орын алатын және әртүрлі фонетикалық нұсқаларда (өлең, o'lan, өлең, үлең, өләң, öleñ, üleñ) кездесетін “öleñ” сөзінің шығу төркінін, ортақ бастаулары мен жанрлық трансформациясын зерделеуге арналған. Аталған терминге қатысты локалды (жергілікті) түсініктердің аясынан шығып, оның жалпытүркілік фольклордағы функционалдық қызметі мен бірыңғай терминологиялық аппаратын жүйелеу зерттеудің мақсаты етіп қойылған. Эмпирикалық материал ретінде қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрікмен, татар, башқұрт, саха халықтарының фольклорлық мұралары жан-жақты қарастырылды. Мақалада пәнаралық байланыс негізінде салыстырмалы-тарихи, генетикалық, этимологиялық, құрылымдық-семантикалық және контекстуалдық талдау әдістері қолданылған. “Öleñ” сөзінің көнетүркілік ula- («ұластыру»; «жалғастыру») немесе ül-/öl- («үлестіру», «өлшеу») түбірлерінен тарау ықтималдығы жөніндегі көзқарастар байыпталады. Бұл ұғымның бастапқыда хаос пен үйлесімсіздікті белгілі бір ырғақтық тәртіпке түсіру мағынасын бергені болжанады. Саханың олонхосы мен башқұрттың өләңін салыстыра қарағанда, бұл терминнің әуелде батырлық эпоспен байланысты болып, кейіннен қоғамдық-әлеуметтік және мәдени өзгерістер әсерімен лирикалық сипатқа көшкені және ғұрыптық фольклор жанрына айналғаны туралы гипотеза сараланады. Түркі халықтарының үйлену салтындағы “öleñ” айту дәстүріне тән ортақ белгілер айқындалады. Фольклорлық “öleñ”-нің синкретті табиғаты (сөз, музыка, перформанс бірлігі) және оның диалог (айтыс) формасында орындалу ерекшеліктері талданады. Зерттеу нәтижесінде “öleñ” ұланғайыр кеңістікті (Орталық Азия, Еділ-Жайық, Шығыс Сібір) мекендейтін түркі жұртының ортақ мәдени коды ретінде сипатталады. Бұл жұмыс түркі халықтарының поэтикалық мұрасын реконструкциялауға және ортақ фольклорлық үлгілерді жаңғыртуға септігін тигізеді.

Түйін сөздер: түркі фольклоры, этнопоэтика, өлең, этимологиялық реконструкция, жанрлық трансформация, синкреттілік, үйлену салты.

Түсті: 26.03.2026; Жөнделді: 28.05.2026; Мақұлданды: 16.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

Кіріспе

Географиялық тұрғыдан алғанда, арасын мыңдаған шақырымдар бөліп жатқанына қарамастан түркі халықтарының поэзиясында бірыңғай «генетикалық код» сақталғанын көруге болады. Бұған көшпенді өмір салты, ежелгі дүниетаным ортақтығы, тілдің агглютинативтігі және сингармонизм заңы, поэтикалық өлшем мен пішін бірлігі, т.б. факторлар септігін тигізген. Эпостық шығармалардан бастап ұсақ поэтикалық формаларға дейін бұл жақындастықтың үлгілерін таныта алады. Соның ішінде «өлең» (қазақ), «o'lan» (өзбек), «өлөң» (қырғыз), «үләң» (татар), «өләң» (башқұрт), «өлей» (ұйғыр), «öleñ/üleñ» (түрікмен), «олонхо» (саха) атауларымен ұшырасатын поэтикалық жанр (кейде форма) әлі жан-жақты салыстырмалы зерттеудің нысанына айналған емес.

Әдетте қазақ поэзиясында «өлең» деп көлемі шағын шығарманы айтады. Ол – ырғағы, бунағы, тармағы, шумағы, ұйқасы белгілі бір қалыпқа түскен көркем сөз үйлесімі. Кең мағынасында – поэзиялық шығармалардың жалпы, жиынтық атауы; тар мағынасында – сөз өнері (өлең жазу, өлең шығару) мен музыкаға (өлең айту – ән айту) ортақ ұғым.

Қырғыз фольклортанушысы Г.Орозова «Өлөн ырларының табиаты» атты мақаласында “öleñ”-нің бірқатар түркі халықтарында өркендеген жанр екендігін, оның генетикалық тұрғыдан тамырластығын, типологиялық жағынан ұқсастығын атап көрсетеді. Ол бұл лирикалық түр мейлі жазып алынған мәтіндерде болсын, мейлі ауызша айтылған жерлерде болсын, осылай аталғанымен, қырғыз фольклорлық шығармаларының жіктелісінде жеке жанр ретінде тексеріліп көрмегенін әрі мұндай терминнің жоқтығын баяндайды (2021). Ғалымның «өлөн ырлары» деген тіркесі, әрине, қазақ ұғымына сәйкеспейді, өйткені «өлең» мен «жыр» – біз үшін мағынасы жақын (кейде бірін-бірі ауыстыра алатын) сөздер, бірақ «өлең жырлары» түрінде тіркесе алмайды; тек «өлең-жыр» деп қана айтылуы немесе жазылуы мүмкін. Бұл жерде ғалымның «өлөн ырлары» дегенін «өлең жанры» деп түсінгеніміз және көркем әдебиет емес, фольклор аясында қарастырып отырғанын аңдағанымыз жөн.

Өкінішке қарай, терминологиялық алшақтық түркі халықтарының “öleñ” терминіне қатысты ортақ поэтикалық қабаттарын зерттеуді кенжелетті. Зерттеулер локалды (жергілікті) сипатта ғана жүргізіліп, көбіне ұлттық шеңберден ұзап шықпады. Бұған советтік түркітану ұшыраған идеологиялық шектеулер де салқынын тигізді. Соның салдарынан түркі халықтарының фольклорында кездесетін “öleñ” жанры (формасы) бір-бірімен байланыста қарастырылмады. Бұл мақалада осы олқылықтың орнын толтыру мақсаты қойылып, “öleñ” сөзінің түп-төркіні мен даму бағдарын айқындау, бұл аттас жанрдың фольклордағы таралу аумағын, функционалдық қызметін, көркемдік сипатын, айтылатын мезгілі мен орнын, орындаушылар құрамын талдау міндеттері көзделді. Аталған зерттеуді жүзеге асырудың сөз өнері үшін теориялық та, практикалық та маңызы бар екендігі сөзсіз.

Зерттеу әдістері

Қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрікмен, татар, башқұрт тілдеріндегі поэтикалық мәтіндерді зерделеу барысында пәнаралық байланысқа мән беріліп, лингвистика, фольклортану мен этнография салаларын тоғыстыратын әдістер кешенді түрде пайдаланылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс “öleñ” терминінің эволюциясы мен семантикалық трансформациясын диахрондық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді. Генетикалық әдіс арқылы зерттеу нысанының жалпытүркілік бастаулары мен өзіндік ерекшеліктері айқындалып, біртұтас мәдени жүйе екендігі тұжырымдалады.

Этимологиялық талдау қарастырылып отырған сөздің шығу төркінін жорамалдауға негіз болады. Құрылымдық-семантикалық талдау жанрдың ішкі болмысын (буын саны, ұйқас жүйесі, мазмұндық сипаты, бейнелік құралдары) ашып көрсетсе, контекстуалдық талдау өлеңнің әлеуметтік (коммуникативтік, сакралдық, сауықтамалық, эстетикалық) функциясы мен ғұрыптық мәнін саралауға көмектеседі.

Әдебиеттерге шолу

Жалпы, фольклорлық мәтін өзіндік табиғатымен, дүниеге келу қисынымен, өмір сүру тәсілімен, елдің жадында сақталуы жолымен ерекшеленеді (Сағынадин және т.б., 2025). Осы ретте түркі халықтары поэзиясындағы “öleñ” жанры жекелеген авторлардың тарапынан біршама қарастырылғанымен (бұл туралы «Нәтижелер мен талқылау» бөлімінде кеңінен мәлімет беріледі), этностар арасындағы фольклорлық байланыстар тұрғысынан өте аз зерттелген. Ішінара өзара салыстырулар, ұқсастықтарды іздеу мен жанрлық трансформацияны қазақ, башқұрт, татар деректері негізінде сөз ету XIX ғасырдың екінші жартысында М.Үмітбаев (1984) пен Ш.Уәлиханов (1984) еңбектерінен кездеседі. Одан берідегі бірқатар ғалымдар тарапынан бұл мәселеге ақпараттық сипатта немесе шолу деңгейінде назар аударылып, бірақ салыстырмалы талдаулар жүргізілмеген (Пекарский, 1925; Rasanen, 1969; Sir Gerard Clauson, 1972; Уахатов, 1974; Köprülü, 1999; Кадыйров, 2021).

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

“Öleñ” сөзінің этимологиясы және мағыналық ауқымы. Қазақтың халық өлеңдерін зерттеген Б.Уахатов (1974): «...өлең деген атаудың этимологиясын қазақтың төл сөзінен іздеп табу мүмкін емес. Мұны тек қазіргі түркі тілдес халықтардың әдебиетін салыстыру арқылы ғана топшылауға болады», - деп, бұл ұғымның бастауын көне қыпшақ тіліндегі «ула», «улағыл» («әлденені жалғау, біріне-бірі байланыстыру, бір-біріне қиюластыру») деген сөздерден іздейді. Бұл ретте белгілі лингвист Ә.Құрышжановтың еңбегіне сүйенеді (Құрышжанов, 1970). М.Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегінде ула- сөзі «байланыстыру (жалғау)», «байланыс орнату (жалғастыру)» мағынасында келтірілген (Ал-Кашгари, 2005).

Г.Орозова (2021): «...өлең деген шынымен түркі тілді елдерде жырдың мағынасына, орындалу тәртібіне қарай «ула», «ар жағын сен ула», «уландысын сен айт», «жалға», «қалғанын жалғап айт» деп айтылған сөздерден тууы әбден мүмкін, Бірақ қырғыздарда осы формадағы (жыр түзілісі бойынша) жырларды «Эски ыр», «Қара ыр», «Кайым айтышуу ыр» деп атап келгенін кейбір ауызша дереккөзден жолықтырдық» (180 б.), - деп, сөздің бастапқы төркініне күмән келтіреді.

Өзбек ғалымы А.Мадаминовтiң (1967) пікірінше: «O’lan атауының этимологиялық негізі түркілердің фольклор орындаушылығы тақырыбындағы «хикая айтуы», «баяндауы», «ойнап-күлуі» болып табылады / o’la (өлә) түбірінің ықпалы негізінде формаланып, «қошық» (“qo’shiq”), «ашула» (“ashula”) мәліметтерінде бар «ула» (“ula”) сөзімен тоғысады» .

«Якут тілі сөздігінің» авторы Э.К.Пекарский олонхоға «батырлардың ерліктері туралы қаһармандық баян, эпикалық жыр; өлең өлшемі бар батырлық жыр; ертегі, ойдан шығарылған әңгіме» деген анықтама бере отырып, оны төрт жолдан тұратын қырғыз өлең-імен салыстыра қарауды ұсынған (Пекарский, 1925).

Сахалардың батырлық эпосын зерттеген И.Пухов «олонхо» (саха тілінде – олонхо; долган тілінде – олоңко) сөзінің этимологиясы анық еместігі, бурят ертегілері осыған

ұқсас онто атына ие екендігі, оларды орындаушылар онтошиндер деп аталатыны, бірқатар түркі халықтарында (қазақтарда, қырғыздарда, түрікмендерде және т.б.) «песня» дегенді білдіретін өлен (өлең) сөзі, қырғыздарда өлеңсү (дұрысы өлеңчү – А.Ш.), қазақтарда өлеңші барлығын, осы ретте өлеңді білдіру үшін басқа сөздер де қолданылатындығын (мысалы, қазақтарда – жыр) жазған (Пухов, 1962). Саха ғалымы Р.Анисимов (2018) «олонхо» мен «онто» (бурят тілі сөздіктеріне сүйенсек, дұрысы онтохон, соған сәйкес жыршы – онтохоншон – А.Ш.) сәйкестігі жөнінде: «Бұл арада бурят-моңғолдық –нт- мен якуттық –лон- аффикстері арасындағы өзара байланыс күмән туғызады, олардың төңірегінде әлі де пікір таластыруға тура келеді», - дейді.

Біздіңше, батырлық жыр, тарихи эпос мағынасын айқындайтын моңғолша үлгэр, бурятша ұльгэр сөзіне көңіл бөлген жөн секілді. Оның қатысуымен пайда болған тіркестер: үлгэр бөөлэхэ – жырлау, ұльгэр түүхэ – қаһармандық жыр, ұльгэр домог – ертегі, т.б. (Шагдаров, Черемисов, 2010). Алтай тіліндегі ұлгерле – өлең шығару (жазу), ұлгерлик – поэзия, ұлгерчи – ақын сөздері (Алтайско-русский словарь, 2018) соның ықпалымен қалыптасқан болса керек. Моңғол-бурят сөзінің түркішеге көшкенде пішіні мен мағынасы өзгеріп, жаңа сөздер дүниеге келген және батырлық жырдың емес, жалпы өлеңнің анықтамасына айналған. Алдыңғы айтылған ғалымдар “öleñ” сөзін «ула»/«өлә» түбірінен шығарса, ол түркі-моңғол тілдеріндегі – алғашқы мағынасы «бөлу», «үлестіру», «мөлшерін белгілеу», «өлшеу» дегенді білдіретін архаикалық үл-/өл- түбірінен бастау алуы ықтимал деп болжаймыз. Бәлкім, ол түбір әу баста табиғи дыбысқа (желдің уілі, қасқырдың ұлуы, т.с.с.) немесе басқа бір әуенге еліктеуден туған болуы мүмкін. “öleñ”-нің құрылымдық жүйесінде шашыраңқы дүние (хаос) үйлесімді тәртіпке түсіп, сөздің, музыканың және іс-әрекеттің бірлігі көрініс табады.

Тілден тілге өткенде негізі бір сөздің түрленіп жатуы таңсық жағдай емес. Мысалы, қазақтың «жұмбақ» сөзі башқұрт пен татарда осыған ұқсас – йомак; йомак; мағынасы да сол. Ал қырғыз тіліндегі жомок, чуваш тіліндегі юмах ертегіні білдіреді. Буряттар домог деп аңызды, батырлық эпосты, тарихи баянды айтады. Хакас тілінде ертегінің умах және нымах нұсқалары бар. «Нымах» дегенде «ж» дыбысының «н»-ға ауысқанын аңғару қиын емес (мысалы, жұмыртқа – нымыртқа, жаңбыр – наңмыр, жаңа – наа, т.б.). Хакастар батырлық эпосты алыптыг нымах дейді, қырғыздың «жомок» сөзі де, бір жағынан, осы мағынаға ие.

Егер «олонхо» мен “öleñ” сөздерінің тамырластығы дәлелденіп жатса, онда екінші сөздің де түпкі бір мағынасында эпосқа қатысы бар боп шығады. Башқұрт әдебиетінің тарихында кездесетін өлең сөзінің сипаты осы пікірге жетелейді. Белгілі әдебиеттанушы М.Идельбаев XIX ғасырда эпосты, қобайырды, ертекті өлең деп атайтындар болғанын атап өтеді (Изелбаев, 2007). Башқұрттың көрнекті ағартушысы Мұхаметсәлім Үмітбаев (1984) өзінің 1897 жылы басылып шыққан кітабында: «Башқұрттардың бұрынғы жыры өлең деп аталған. Өлең – ол хикаят, яғни эпос. Бірақ власть (орыс билігін айтып отыр – А.Ш.) нықтап орныққан һәм башқұрттар түрлі халықтармен араласқан уақыттан бастап өлеңдер жырлары (башқұртша түпнұсқада: «өләндәр йырзары»; бұл да жоғарыдағы қырғызша «өлән ырлары» секілді қазақша айтуға келмейтін тіркес – А.Ш.) төрт жолды лирикалық ұйқастарға ауысты. Оларда махаббат, қонақтарға мақтау һәм алғыс жырланады... Өлең жырларында батырлардың қаһармандығы һәм хандардың ұландарына үгіт-насихаттары жырланған. Бүкіл башқұрт батырлары өлеңдерде жырланады: мәселен, Мұрадым, Заятүлек, Сура батыр, т.б.»; «Өлең яки башқұрт эпосы ғасыры... басқа еуропалықтардағы сияқты, батырлар дәуірімен тамамдалады.

Қырғыздарда (яғни қазақтарда – А.Ш.) өлең жыры қазіргі уақытта да бірінші орында тұрады. Бірақ олар өздері жәй жырларды [да] өлеңдерден айырмайды, сондықтан бәрін қатарынан өлең деп атайды», - деп жазды.

Ш.Уәлиханов: «Өлеңнің қырғыз (қазақ – А.Ш.) даласында қолданысқа енгеніне 50 жылдан аса қойған жоқ (мақала шамамен 1855-1856 жылдары жазылған. – А.Ш.), ол кезде сахараға тобыл және қазан татарларының келуіне жол ашылған еді. Бұрын татар қашқындары мен келімсектерін қырғыздар (қазақтар – А.Ш.) Қытайда, Бұхара мен Ташкентте қойдай шулатып сататын, бірақ мұсылман діні дендеген сайын татар келімсектері сахарадағы қол тигізуге болмайтын, ой-пікір мен дін жолында азап шегушілер кейпіне кірді. Татар поэзиясының формалары қырғыздың (қазақтың – А.Ш.) дыбыс пен ой үйлесіміне толы байырғы батырлық жыр формаларынан үстем бола бастады» (Валиханов, 1984), - деп жазады. Ол бұл форманы енді сол заманның жаңа ақындары суырып салып айтуда да (импровизация), жыр жырлауда да (түпнұсқада: поэма) пайдаланатындығын, бәрінен бұрын Орынбай ақын мен зағип ақын Шөженің қолданатындығын атап өтеді. Мұндай өлеңдердің арқауын көбінесе қандай да болсын бір діни мазмұн құраған. Олар ғазилардың ерлігін, махаббат хикаяларын, пайғамбарлар өмірін, т.б. жырға қосқан; Шоқан бұл хикаяттарда бейнеленетін көріністерді өзінің фанатизмі мен қорқыныштылығы жөнінен өте іш пыстырарлық санайды. Өлең формасын ақындардың суырып салып айту үшін бәрінен де қолайлы көретіндігін және оған енді біршама бейімделіп алғандығын, атақты Жанақ ақынның «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын өзіне өлең формасында айтып бергенін баяндайды. Сондай-ақ ғалым өлеңге анықтама бергенде, оның жаңадан суырып шығарылған немесе бұрын қандай да бір атақты өлеңші шығарып, орындаушы домбыраның, қобыздың әйтпесе ишара қимылдардың көмегімен бар мүмкіндігінше түпнұсқаға жақын жеткізіп беретін жыр екендігін, өз жанынан хикаяның кіріспесі мен қорытындысын қоса алатынан мәлімдейді, яғни бұл ретте эпосты меңзеп отырғанын аңғару қиын емес (Валиханов, 1984). Әлбетте, Ш.Уәлихановтың өлең формасы қазақ арасына татар арқылы және таяуда ғана енгені туралы дерегі – пікірталасқа сұранып тұрған мәселе.

М.Үмітбаев пен Ш.Уәлиханов мәліметтерін салыстыра жинақтап қарағанда, башқұрт өлеңі –

1. бұрын эпосты, батырлық жырларды білдірген;

2. қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге байланысты тақырыбы мен мазмұны лирикалық сипатқа көшкен;

қазақ өлеңі –

1. ақындар тарапынан суырып салып өлең айтқанда да, эпикалық жыр орындағанда да пайдаланылған;

2. көбіне діни және романдық дастандарды айтуға оңтайлы болған;

3. татар поэзиясының ықпалымен ХІХ ғасырдың басында ғана форма ретінде қолданысқа кірген;

4. кез келген поэзиялық шығарманың жалпы атауына айналған.

Екі халықта да “өлей”-нің эпосты жырлағанда пайдаланылатын функциясына қарап, оны саханың олонғосымен осы тұрғыдан ұштастыруға болатын секілді; алайда бұл сөздердің төркіндестігі – әлі де басы ашылмаған мәселе екендігі белгілі.

Оның үстіне башқұрт тіліндегі өлең сөзі қазақтан ауысқан деген пайым да бар. Мысалы, Кирәй Мерген (1961): «Бізге башқұрт халық шығармашылығы қорында үлән деген жанр яки шығарма түрі болғандығы мәлім емес. Башқұрт фольклорына

қызығушы қайсыбір ғалымдар, шамасы, бұл терминді аналог рәуішінде қазақ фольклорының қорынан көшірген (Оны біз М.Үмітбаев жазбаларынан ұшыратамыз)», - дейді. Фольклортанушы А.Сүлейменов (2016) бұған керісінше пікір айтады: «Ұлттық эпосымыз туралы М.Үмітбаевтың айтқандарымен келіскен жағдайда эпостарымыздың әліге дейін «эпик қобайырлар» деп аталатын бөлігін «өләңдер» деп белгілеуге болар еді». Міне, башқұрт ғалымдары арасында осындай екі ұдай тұжырым кездеседі.

Осы орайда Г.Орозованың «өләң ауызша сөз өнерінің ең байырғы формаларының бірі болуымен қатар, жыршылықтың да әуелгі бастамасы болған десек артық болмас» деген пікірі назар аудартады (Орозова, 2021).

Британдық ғалым Сэр Джерард Клосон әуелі “өләң”-нің шөпті білдіретін мағынасын тарқатып, одан соң ол сөздің «той өлеңі» ретінде қазақ, қырғыз, түрікмен арасында сақталғандығын, оны қалыңдыққа арналған метафоралық тұспалға ұқсайтын *hay öleñ*, *hay öleñ* (хай өлең, хай өлең) қайырмасынан шыққан деп жорамалдаған (Sir Gerard Clauson, 1972).

Финн ғалымы Мартти Ряснен өз сөздігінде *ölöñ* мен олонхоны салғастыра қараған. Өлеңнің бірінші, екінші, төртінші жолдары ұйқасатын шумақтан тұратынын айтып, оны түріктердің мани жанрына ұқсатады, ал олонхоны батырлар туралы қаһармандық баян, эпикалық жыр деп сипаттайды (Rasanen, 1969).

К.К.Юдахин өзінің сөздігінде (1985): «Өлең. 1. Әдетте қазаққа тән, бірақ бұл термин қырғыздар арасында да тараған («өлөлбай жатып, өлең айтат» - мәтел). 2. Памирліктер 11-12 буыннан тұратын өлеңді көп айтады», - деген анықтама береді. Қырғыз ғалымы Ж.Мұқамбаев өткен ғасырдың 80-жылдарында Алай-Памир, Баткен, Ләйлек, Жерге-Тал жағындағы қырғыздардың ауызша шығармашылығында «өләң» барлығын таңдана жазған (Мукамбаев, 1982). Ол үйлену тойында айтылады. Қырғыздың ичкилик рулар бірлестігінің ортасында кең тараған. ҚР Ұлттық ғылым академиясы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорында сақтаулы мәліметтерге көз жүгірткенде, өлеңнің Қырғызстанның Талас, Жалалабад, Ыстықкөл, Шүй, Ош облыстарынан, Тәжікстан, Ауғанстан жағындағы Памир тауларын, Қытайды мекендейтін қырғыздар арасынан жинақталғанын байқадық. S.Kayırov (2009) өз кітабының «*Ölöñ Ve Dürö Türküleri Üzerine*» («Өлең және дүрө жырлары туралы») атты тарауында Түркияның Ван аймағында тұратын қырғыздардың ортасында кеңінен жайылған өлең жанрын нақты мәтіндер негізінде талдайды.

“*Öleñ*”-нің пайда болған ортасы, мезгілі және орындалатын жері. Өзбек фольклортанушысы К.Исаевтың зерттеуінше, «*ўлан*» (*o'lan*) негізінен бұрын көшпенді және жартылай көшпенді салт бойынша өмір сүрген өзбек ру-тайпалары ортасында кең таралып, ол қыз ұзатар ақшамнан бір-екі күн ілгері қыздың үйінде өткізілетін «қыз ақшамы», «қыздар мәжілісі» секілді түрлі атпен аталатын той жиынында орындалған. *Ўлан* ертеден қала жағдайында жасаған отырықшы тұрғындар арасында ұшыраспайды (Исаев, 2022). Г.Орозова да қырғыз өлеңін өзінің ішкі мән-маңызы мен сыртқы түр-пішіні жөнінен көшпенді қоғамның көркем туындысы екендігін атап өтіп, елдің көңілін көтеруге бағышталған деп санайды (Орозова, 2021: 201). Осылайша, зерттеушілердің көбі “*öleñ*”-нің түп-төркінін көшпенді түркілердің салт-санасымен байланыстырады.

Бұл ретте “*öleñ*”-нің исламға дейінгі құбылыс екендігіне де мән беріледі. Мысалы, *ўланды* айтқан уақытта жігіттер пен қыздардың бетпе-бет қарсы тұрысы, олардың сөз жарысы бұл жанрдың мұсылманшылық әсері әлі күшті болмаған заманда көші-қон тұрмыс кешкен түркі жұрттары, соның ішінде көшпенді өзбек ру-тайпалары

ортасында дүниеге келгендігін дәлелдейді (Мирзаев, Сафаров, Ұраева, 2008). Гренардың, Ф.Көпрулұның тұжырымдары да осыған үндес.

Ұлан жанры Өзбекстанның Ферғана алқабында, Ахангаран оазисінде, Жыззақ, Самарқан және Науаи уәлаяттарында көп тараған. Ташкенттің таулы өңірінде әсіресе жиі ұшырасады. Ахангаран түменінің (ауданының) Аблық, Самаршық, Қарабақ, Гүлбақ, Ашамайлы қышлақтары, Бөкі түменінің Қарасайрақ қышлағы өзіндік дәстүрлерімен ерекшеленіп тұрады. Өлеңшілердің ішіндегі ең атақтысы – Иман ахун деген атпен мәлім болған, қолма-қол суырып айтудың шебері, ангрндік Иманазар баба. Одан басқа Қалжұман Омароғлы, Қарабас Тұяқов (Ахангаран), Хұрилика Серкебаева (Паркент), т.б. өлеңшілердің есімдері белгілі (Имомназарова, 2015). «Ұлан атауы Бұхара, Қашқадария уалаяттары мен Байсын өңірі тұрғындары арасында да тіркелген.

Б.Уахатов өзбектің өр-өр-ы («жар-жар») туралы сөз еткенде, оны Өзбекстанның бар өлкесіне тән өлең түрі емес, мұны тек Сырдария бойындағы қазақпен аралас тұратын өзбектер ғана айтатынын баяндайды. Ол: «Қора-қора қозылар,/Қойды бастар, өр-өр./Қалам қасты жеңгелер /Өлең бастар, өр-өр./Нені кисең жарасар,/Бойыңызға өр-өр./Өлең айтайын деп келдім,/Тойыңызға, өр-өр./Қой жайылар, Қоңырат/Етегіне, өр-өр./Қыз жүрер ме жігіттің/Жетегіне, өр-өр», - деген өлеңді мысалға келтіріп, оны, сөз жоқ, қазақ пен өзбек араласқан ортада ғана тууы мүмкін, осындағы қазақтың «өлең» деген сөзінің «құшиқ» болмай, «ұлан» болып тұруының өзі-ақ көп нәрсені аңғартқандай деп қорытынды жасайды (Уахатов, 1974). Бұл пайым, әрине, бүгінгі ғылыми мәліметтер негізінде қайта қарауды және тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Қырғыз фольклорында «эски ыр», «қара ыр», «қайым айтышуу ыр» (соңғы екеуі «қара өлең» мен «қайым айтыс» жанрларына ұқсайды – А.Ш) атты жанрлар болғанын айта отырып, Г.Орозова (2021): «Ал енді «өлең» термині кейінірек, қазақ халық поэзиясының ықпалымен, қазақ-қырғыз ақындық байланысының нәтижесінде дамып, біздің тілімізден берік орын алуы мүмкін» (181 б.), - деген долбар жасайды. Олай болса, мысалы, басқасын айтпағанда, қазақтар мен Памир қырғыздары арасынан қарым-қатынас желілерін іздеуге тура келеді. Өйткені өлең сол жақта жақсы өркендеген әрі осы күнге дейін жанды қалпын жоғалтпаған. Қырғыз өлеңі келесі түрлерге бөлініп қарастырылады: жалпы өлең, қайым өлең, алым-сабақ өлең, санат-насият өлең, табышмақ өлең, мыскыл-тамаша өлең.

“Öleñ”-нің өз алдына жеке бөлініп шығуы туралы әртүрлі болжамдар бар. Мысалы, өзбек ғалымдары ұлан (o’lan) жанрына қатысты әлі ортақ байламға тоқтаған емес. М.Алавияның пікірінше, ол әу басында жар-жар, ләпар (өзб. lara; uog-uog) жанрларымен бірлікте болып, соңғы уақытта дәстүр өзгерісі, тұрмыс ағымы, кісі тағдыры ерекшеліктеріне қарай той рәсімінің белгілі бір бөлігіне байланысқан басқа түрге айналған тәрізді (Алавия, 1974). Бұл тұжырымды әрі жалғастырған Ш.Имомназарова (2020): «...өзбектердің үйлену тойы рәсіміндегі ұлан, ләпар және өр-өр жанрларының генетикалық жақтан бірлігіне еш шүбә жоқ. Олар қадым заманда бір болып, кейінгі даму және кеңею нәтижесінде дербес жанрлар қалпына келген және бүгінгі күні үйлену тойы рәсімінің түрлі бөлігінде өзінше бөлек орындалады», - дейді. Бірақ профессор Б.Сарымсақов бұған күмәнмен қарап, Ферғана алқабында кездесетін o’lan соңында «uog-uog» («жар-жар») қайырмасын пайдалану бұл екі жанрдың туыстығына дәйек бола алмайды деп санайды және uog-uog мен o’lan жанрларын орындау тәсіліндегі айырмашылықтарға баса мән береді (Сарымсақов, 1983). Үйлену салты түркілердің мәдени болмысында шешуші маңыз атқарып, жергілікті өзгешеліктеріне қарамастан,

тамыры ежелгі дәуірлерге кететін ортақ ғұрыптық белгілерімен танылады. Онда жар-жармен қоса, күйеу мен қалыңдық тарапының өкілдері орындайтын диалог-өлеңдер кең тараған (Давлетшина, 2026). Өзбек ұланы – соның айқын үлгісі.

“Öleñ”-нің қай жерде айтылатындығы жөнінде де зерттеушілер түрліше мағлұмат ұсынады.

Түрік ғалымы Ф.Көпрүлү «Әдеби зерттеулер» атты еңбегінде ölenk (“öleñ” туралы айтып отыр – А.Ш.) түркілер арасында ғасырлардан бері жалғасып келе жатқандығын, үйлену тойы рәсімдерінде айтылатындығын, халық арасында кең таралғандығын, оның бастауы беймәлім бір ескі кезеңдер екендігін тілге тиек етеді. Ол ölenk сөзі шағатай сөздіктерінің мәліметі мен XV-XVI ғасыр шайырларының қолданысына қарағанда, көгал шөп (түрікше *şauır şimen*), өлең (түрікше *türkü*) мағынасын беретіндігін айтады. Француз түркітанушысы Паве-де-Куртейль (*Pavet de Courteille*) дерегі бойынша оның тойларда орындалып, жас қыздардың қалыңдықтың үйінде күйеу жігітті, ал күйеу жігіттің үйінде қалыңдықты мадақтау түрінде болғанын келтіреді. Мұны Науаидың өз жеке кітапханасында сақтаулы «Ескендірнама» дастаны нұсқасындағы хай өлең, хай өлең (*Hay ölenk hay ölenk*) қайырмасы бар жыр жолдарымен растайды (сөзбе-сөз аудармасы: «Ей, сақы, ыдысыңды толтырып әкел, Өйткені бұл той, ішіп-жеу және сауық уақыты. Әнші чингә өлшемінде чингә тартып, Хай өлең, хай өлең деп әуенге сал»). Әрі қарай Ф.Көпрүлү өзбектер арасында әлі бар бұл өлеңдердің Шығыс Түркістан түркілерінде де болғандығын француз саяхатшысы Гренард (*Grenard*) жазбасы арқылы аңдатады. Оның айтуына сәйкес, о жақтағы түркілердің үйлену рәсімі исламияттан бұрынғы ұлттық жоралғыларға қатты ұқсайды және өлеңдердің қайырмасын құрайтын хай өлең, хай өлең бөлігі – мағынасы осы күнге дейін лайықты ашылмаған ескі және діни бір үйлену гимнінің (жырының) қалдығы дейді. Гренард мұны тек еркектердің орындағанын айтады. Үйленетін жігіт бұл әуенді достарымен бірге үйленетін қызының үйіне барған кезде орындаған. *Ölen* немесе *ölenk* бұл мағынасында қырғыздар арасында да белгілі екен (Көргүлү, 1999).

Бұған қоса – Науаи «Мезон ул-әвзон» еңбегінде жар-жар (Навоий, 1993), ал Бабыр «Мұхтасар» («Аруз рисаласы») шығармасында қыз ұзатудағы “öleñ” туралы жазған (Бобур, 1971).

Берідегі зерттеушілерде де жоғарыда айтылғандарды нақтылайтын деректер бар. Мысалы, Науаида кездесетін «чингә» («chinga») атты қыз ұзату өлеңдері жиырмасыншы ғасырдың орталарына дейін халық арасында «чинкә» («chinka»), «чингә» («chinga») атауларымен жасап келген (*Abduraxmonova*, 2023). Сондай-ақ ұйғыр және түрікпен “*yar-yar*” өлеңдерінде “*yar-yar*” тіркесімен бірге «*yölen*», «*hay yölen*», «*hay hay yölen*», «*hay ölen*», «*ülen*», «*üleñ*» сөздері қолданылады. Бұл жердегі «*yölen*», «*ülen*», «*üleñ*» асылында “*öleñ/ölöñ*” сөзінің бұрмаланған пішіні болса керек. Бұл «*yâr-yâr*» («жар-жар») мен «*öleñ*» («өлең») ұйғыр тойларында қалыңдықтың әкесінің үйінен ұзатылып, күйеуінің үйіне бара жатқан шақта күйеудің не қалыңдықтың достарының тарапынан айтылатын болған (*İnayet*, 2013).

Татар ғалымы И.Кадыровтың мәліметінше, той жырларын екі түрлі – «яр-яр» және «үлэң таш» деп атайды; жырдың бірінші аты Бараба, Түмен, Омбы, Тобыл татарларында, ал екінші аты болса Саз жағы татарларында таралған. Фольклортанушы: «Саз жағында жасаушы татарларға мұндай ат қайдан келген?», - деген сауал қояды да, Түмен өлкесінің Тобыл ауданы Лайтамақ ауылындағы информанттардың оның мағынасын аша алмағанын жеткізеді. Мысалы, Д.Г.Тумашева деген әйел «үлэң» сөзінің мағынасын

«жырлау» деп беріпті (Омбы өлкесінің Тара ауданында жазылған). Ғалымның пікірінше, «үләң» сөзі бәрінен де бұрын той жырына қарасты. Ол екі салыстырмалы дерек ұсынады. Алғашқысы бойынша, бұрынғы ұйғырлар (яғни тараншылар) тарапынан той жыры «үләң» деп аталыпты; бұл жөнінде Н.Пантусов хабардар еткен. Екінші факт: Хорезм өлкесі өзбектерінде той жыры, яғни «жігіт жағы – қыз жағы» (жігіттер тобы – қыздар тобы) диалогтары «улан» деп аталады. Татарлардағы жыр атының екінші компоненті болған «тас» сөзінің құпиясы табылмаған; ол – келешек ісі деп жоспарланған (Кадыйров, 2021). Автор бұл арада Н.Пантусовтың «Тараншы өлеңдері» жинағының мәліметтеріне сүйеніп отыр; онда тараншылардың той жырлары үленъ деп аталатыны көрсетіліп, мысалға оның мәтіндері келтірілген (Пантусов, 1890).

Өзбекстанның Ферғана уәлаятында жасайтын халықтың салты бойынша, үйлену тойының «Қыз асы» («Қиз оши»), «Ләпар түні» («Лапар кечаси») деп аталатын кешінде көп ретте бәйітпен, ләпармен қоса ұлан (o'lan) да айтылады. Қыздар мен жігіттер қаз-қатар тұрып, махаббат нақыштарына толы өлеңдерді шырқағанда, құдды бір-бірімен сөзбен сайысқандай болады. Әдетте қыздың әкесі тойдың рәсіміне арнап екі-үш алма әкеліп қояды. Жігіттердің бірі сол алманың біреуін қолына ұстап тұрып сөз бастайды және одан кейін кезек қарсы жақ топтағы қызға өтеді. Ол өлеңмен жауап қайтарып, алманы қарсы беттегі жігітке лақтырады. Осылайша, ортаға түскен өлеңшілердің қатары көбейе береді (Мирзаев, Сафаров, Ыраева, 2008). Жауаптасудың үлгісі –

Жігіт:

Олма-ўрик деганда, олма-ўрик,
Маҳалланинг ичида қилдинг кўрик.
Маҳалланинг ичида қилсанг кўрик,
Сендан бўлган болага мен ҳам шерик.
[Алма-өрік дегенде, алма-өрік,
Мәхалланың ішінде қылдың көрік.
Мәхалланың ішінде қылсаң көрік,
Сенен болған балаға мен һәм серік]

Қыз:

Унинг ўчсин деганда, унинг ўчсин,
Қора қайчи тилингнинг учин кессин.
Яна қайтиб уятли ўлан айтсанг,
Ит ялоқда ош ичиб кунинг ўтсин.
[Үнің өшсін дегенде, үнің өшсін,
Қара қайшы тіліңнің ұшын кессін.
Және тағы ұятсыз өлең айтсаң,
Итаяқта ас ішіп күнің өтсін].

Кей уақытта қыз ұзатылатын кеште күйеудің үйінде өткізілетін басқосуларда да ұлан айтылуы мүмкін. Бұл тойды қыздыру, қонақтардың көңілін көтеру мақсатында орындалған.

Сондай-ақ, o'lan тек тойларда ғана емес, басқа да рәсімдер кезінде айтылған (Исаев, 2022).

Б.Дауылбаев XIX ғасыр қазақтарының негізгі сауық түрлері бәйге, күрес және өлең болғанын, өлеңдердің ас кезінде және әсіресе үйлену тойы үстінде айтылғаны жөнінде хабар тигізеді. Қыздар мен жігіттер арасында жыр сайысы жиі өтіп, жарысқа түскендер бір-бірінің әртүрлі кемшіліктерін жұртқа жария етуге тырысқан және кезектесе отырып

неше бір нәрселер туралы сұрақтар қойған, тіпті жұмбақтар жасырған, егер жауап беруші қателессе немесе жұмбақты шеше алмаса, жеңілген боп саналған (Даулбаев, 1881).

Қырғыз өлеңі тойда, жақсылыққа арналған салтанатта, жастардың арасындағы ойын-сауықтарда, кәде-салтқа байланысты өткізілген рәсімдерде айтылатын елдік жыр болып есептелген (Орозова, 2021).

«Башқұрт тілінің академиялық сөздігінде»: «Үләң, өләң – Той үләңе. Үләң сығарыу. Үләң әйтеу» (яғни, Өлең – Той өлеңі. Өлең шығару. Өлең айту), - деп анықтама берілген (Башкорт теленең академик һүзлеге, 2017). Сондықтан башқұрттарда да, қазақтардағы сияқты, XIX ғасырда өләң (үләң) сөзінің эпосты да, үйлену тойында айтылатын лирикалық жанрды да білдіргенін аңғарамыз. Бұған дәлел ретінде М.Үмітбаев жариялаған «Үткән заманда башкорт кыздарының озатылыуы» («Өткен заманда башқұрт қыздарының ұзатылуы») атты өлеңнен үзінді келтірсек болады (Өмөтбаев, 1984):

Йәй артынан көззәр етһә, китер кош,
Ыласының, шоңкарың осто – кулың буш.
Килендәштәр, был тиңдәштәр – күңелдәш.
Өгөт һөйләр, йәнә көйләр өләңдәш.

Қазақша мағынасы: «Жаз артынан күз жеткенде, құс қайтады; Лашын, сұңқар ұшып, қол босайды; Қалыңдықтар, құрбы-құрдастар көңілі жарасып, күліп-ойнайды; үгіт айтып, өлеңді де бірге шырқайды». Жоғары шумақтағы «өләңдәш» сөзінің түбірінде, әлбетте, «өлең» сөзі тұр; бірақ оны қазақшаға «өлеңдес» деп аударуға келмейді, өйткені тілімізде ондай сөз жоқ. Тек татардың «үләң таш» дегенімен үндес екенін айта аламыз.

Түрікменстанның Лебап уалаятының Дәнеу, Түрікменабад (бұрынғы Шаржоу), Фарап атыраптарында той айдымларын (той өлеңдерін) *öleň, üleň, haý üleň* деп атайды және олар тек отырықшы мекендерде жайылған. Той өлеңдері ел ішінде *«leýeran», «ýar-ýar»* (Ашғабат төңірегі) секілді аттармен де белгілі (Балтаев: URL; Muhamov: URL; Geldiev, 2000). *Öleň*ді үйлену тойларында кей жерде жас қыздар айтса, енді бір орындарда жасы егде әйелдер даңғыраның сүйемелімен орындайды.

“*Öleň*”-нің жанрлық ерекшеліктері. Өзбек зерттеушісі Ш.Имомназарова былай дейді: «*Ўлан* жанрына жататын халық қошықтары (құшиқлари) негізінен бақташылық және ішінара диқаншылықпен айналысқан тұрғындар арасында кең таралғандығымен, үйлену тойының «қыз мәжілісі», «қыз жиыны» секілді кештерінде дәстүрлі түрде айтылып келгендігімен, әр жолы он бір буынды төрттік шумақ формасында жасалатындығымен, жігіттер мен қыздар тарапынан кезекпе-кезек айтысу үлгісінде орындалатындығымен сипатталатын фольклор жанры боп есептеледі» (Имомназарова, 2020).

Ўланның тақырып ауқымы кең болып, онда махаббатқа адалдық, сүйген жарға берілгендік сарындары жетекші орында тұрады. Ўланды әдетте жігіттер бастап береді (Мирзаев, Сафаров, Ыраева, 2008). Ел ішінде «*Ўланни аввал бошлаб қиз бошламас, Қиз бошлаган ўланни эл хушламас*» («Өлеңді әуелінде қыз бастамас, Қыз бастаған өлеңді ел қоштамас») деген сөздер сақталған.

Өзбек зерттеушілерінің мәліметі бойынша, ләпарды жеке немесе топ болып қыздар орындайды, ал ўланды жұптасып (екі жақ болып) қана айтады. Оны жеке орындау дәстүрді бұзу боп саналады. Сондықтан қыздар мен жігіттердің айтысы түрінде болуы – ўланның жанрлық сипатын айқындайтын белгілердің бірі.

Қыз бен жігіт арасында туатын ўлан қолма-қол, әзіржауап түрінде шығарылуымен және ойдың ойға ұйқас арқылы жалғасуымен ерекшеленеді. Ўланның бастауын «*ўлан ташлаши*» деп атаған (қырғыздарда да осы тәріздес өлең басы формуласы бар).

Қарсыласты «харпдош» («әріптес») дейді. Осы арада ұланның уог-уогдан функционалдық айырмашылығы көрінеді. Өйткені жар-жар күйеу жігіт пен қалыңдыққа тілек айтуды көздесе, ұланның басты мақсаты қарсыласты жеңу болған (Исаев, 2022; Boyliyeva, 2022; Abduraxmonova, 2023).

Бұл тұрғыдан өзбек өлеңі қазақтың қайымына (қайым өлең, қайым айтыс) ұқсайды. Ш.Уәлиханов (1984) айтқандай: «Қайым – тойларда айтылатын, жас жігіттер мен қыздар арасындағы сұрақ-жауаптан тұратын өлеңдер; олар алғашқы екі жолы төртінші жолымен ұйқасатын төрт өлең жолынан құралады. Бұл өлеңдер өз бойына кейде жұмбақтарды, эпиграммаларды және, ақырында, бейәдеп сөздері ең шырқау шегіне дейін жеткізілген қалжың сипатындағы балағатты қамтиды». Қырғыздардың қайым өлеңі мен қайым айтышуу өлеңі де осыған үндес: ол өлеңшілердің немесе көбіне қыз бен жігіт айтысы түрінде болып, кәдімгі төкпе ырчылар секілді, қарсыластар бір-бірін мақтайды, мінейді, әзіл-қалжыңы аралас өткір сөздермен ақыл сынасады, өлеңшілік қабілетін жарыстырады (Орозова, 2021).

В.Радловтың анықтамасында «бірінші, екінші және төртінші жолдары ұйқасатын төрттік өлең» туралы түйін жасалады. Ол «той өлеңі», «бұрынғы өлең», «қара өлең», «кітап өлең» деп жіктелген (Радлов, 1893).

Б.Уахатов қазақ өлеңдерінің ең көне түрлері – қара өлең, қайым өлең екенін, қара өлеңді айтушылар бір-екі шумақтан соң біріне-бірі жол беріп, кезектесіп айтқанын, кейде бір шумақ өлеңнің бастапқы екі жолын біреуі бастаса, қалған екі жолын келесісі қостап әкетіп отырғанын сөз қылады (Уахатов, 1974). Ш.Уәлихановтың жазуынша, қара өлең әрқайсысы өзінше бір ойды қамтитын төрт жолдан тұрады; көбіне дауыстап айтуға арналады; төрт жол өлеңнің ешқандай мағынасы болмайтыны жиі кездеседі (Валиханов, 1984). Қырғыз өлеңдері (қара өлең деп түсініңіз – А.Ш.) тұрмыс-салт жырларының құрамына кіріп, жай тұрмыс көріністерін, кәде-салтқа байланысты жоралғыларды, мінез-құлық, әдеп-ахлақ мәселелерін, жастардың сүйіспеншілік сезімін, өмірге деген көзқарасын ортаға салып баяндайды (Орозова, 2021).

Зерттеушілер өлеңнің өлшемін қарастырғанда, оның негізінен а-а-в-а ұйқасына құрылған төрт жол шумақтан, әр қатары он бір буыннан тұратынын айтады (Валиханов, 1984; Уахатов, 1974; Исаев, 2022; т.б.). Өзбек поэзиясында бұл тәртіптен ауытқулар да ұшырасады. Мысалы, Ферғана уәлаятында ұланның бірінші қатары бір-екі сөзден құралып, созылып айтылады екен; бірақ бірінші, екінші және төртінші қатарлар ұйқасатын тәртіп өзгермейді. У.Бойлиеваның мәліметінше, ұйқастар а-а-в-а немесе а-а-в-в түрінде келіп, буын саны 10,11,12 болуы мүмкін (Boyliyeva, 2022).

Өзбекстан ҒА Әлішер Науаи атындағы Тіл және әдебиет институтының фольклорлық қорында (Инв. 331, №1101, 1657, 1698/10 Д) жинақталған материалдарды талдаған Ш.Имомназарова Ахангаран түменінде ұланды орындаудың екі түрі бар екенін анықтаған: біріншіден, музыкалық сүйемелсіз, жігіт пен қыз арасындағы кезектесе сөз жарыстыру; екіншіден, ұланды музыкалық аспаптың (көбіне домбыра, даңғыра) сүйемелімен жеке орындау.

Ұлан негізінен музыкалық аспаптың сүйемелінсіз айтылса да, кейбір жағдайларда, мысалы, бақшылар тарапынан орындалғанда домбыра пайдаланылған. Сол сияқты, М.Алавияның дерегі бойынша, ұлан жолының соңына «жар-жар» тіркесі қосып айтылса, әдетте орындаушы қолына домбыра немесе даңғыра ұстаған. Ал онсыз орындаса, музыкалық аспапты пайдаланбаған. Халық жыршылары да ұланды домбырамен қосылып айтады, бірақ ол сөз сайысы түрінде болса, онда аспапты қолданбайды.

Өзбек әдебиетінде ұланды өзінің жазба шығармашылығында кәдеге жаратқан шайыр да болыпты. Көбіне «Нәдір-Ұзлат» деген атпен белгілі Мұхаммед Шәріп (1752/58 – XIX ғ.) халықтың ауызша сөз өнерін жазбагерлікпен ұштастырып, ғазал, мәснәуи, тәржбанд, т.с.с классикалық жанрлармен қатар, ұланды да дәріптеген. Оның Қоқан әдебиет музейі қорында сақталған, өз қолымен жазған жинағында «ұлан уәзін және қофия, хұрұфи, хижамен жазылды» деген ескертпесі бар. Ұзлат жар-жар үлгісін пайдаланып, әліпбидің 29 қарпіне арнап 174 жолдан тұратын ұлан жазған. Шайырдың өзі диуанын (жинағын) «Ұлан» («Өлең») деп атапты (Abduraxmonova, 2023).

Қорытынды

Түркі халықтарының поэтикалық жүйесіндегі «өлең» терминінің шығу төркініне қатысты екі түрлі болжам ұсынылады: біріншісі бойынша, ол «жалғау, ұластыру, байланыстыру» мағынасын беретін көнетүркілік ula- етістік түбірінен өрбісе, екіншісіне сәйкес – «үлестіру, өлшеу» мәніндегі архаикалық ül-/öl- түбірінен бастау алып, өлең құрылымындағы дыбыстың, ырғақтың, ұйқастың реттелуін аңдатады.

Егер саханың олонхосы мен башқұрттың өлеңі арасындағы бірқатар ғалымдар (М.Үмітбаев, Э.Пекарский, т.б.) айтқандай жанрлық ұқсастық расталса, онда «өлең» атауы стадиялық тұрғыдан әуелде эпикалық дәстүрмен байланысты болып, кейіннен – әлеуметтік-мәдени және діни факторлардың ықпалымен лирикалық формаға трансформацияланғаны және ғұрыптық фольклор жанрына (тұрмыс-салт жырлары) айналғаны көрінеді.

Үйлену салтында орындалатын «өлең» жанрының исламға дейін және көшпенді қоғамда пайда болған құбылыс екендігі туралы фольклортанушы ғалымдардың пікірлері бір арнада тоғысады (Ф.Гренар, Ф.Көпрүлү, К.Исаев, Г.Орозова, Т.Мирзаев, О.Сафаров, Д. Ұраева). Ол ішінара диханшылықпен шұғылданатын аймақтарда кездескенімен, қалалық жерлерге тән болмаған және мұсылманшылық белгілерін кейін сіңірген. Бірақ бара-бара тұрмыс жағдайына бейімделіп, мысалы, түрікмендер арасында өлең/üleң тек отырықшылыққа көшкен аймақтарда таралған. Татар, башқұрт, ұйғыр өлеңдері туралы да осыны айтуға болады.

Өзбектің ұланы (o'lan) той рәсімінде айтылып, жігіттер мен қыздардың өткір әзіл-оспаққа толы айтысы түрінде өткен. Бұл тұрғыдан ол қазақтың қайым айтысымен (қайым өлеңімен) және қырғыздың қайым айтышуу өлеңімен (қайым өлеңі) жанрлық тұрғыдан ұқсас.

Ұлан өзбектердің үйлену тойы жоралғыларында («қыз ақшамы», «қыз мәжілісі», «қыз асы») музыкалық аспаптың сүйемелінсіз айтылып, сөзді бірінші болып тек жігіттер жағы бастаған. Ұйғырларда да жігіттер ғана айтқан деген мәлімет ұшырасады (Ф.Гренар). Ал түрікмендердің той айдымлары (жырлары) – өлең/üleң тек қана қыз-келіншектер тарапынан даңғыраның сүйемелімен орындалған.

Қазақтың өлең, қырғыздың өлең жанрлары іштей бірнеше түрге жіктеліп, үйлену тойында ғана емес, ас, ойын-сауық, мерекелік жиын, кәделі басқосу, т.б. жерлерде қолданылған. Өзбектің осыған ұқсас ұлан түрі де әртүрлі аудитория алдында айтылған. Қазақтарда «өлең» ұғымының мағыналық аясы басқа түркі халықтарына қарағанда кең болып, поэзияның жалпы атауын білдіреді.

Фольклордағы «өлең» жанрының поэтикалық құрылымы барлық түркі халықтарында ортақ сипатқа ие. Ол көбіне (кейбір ауытқуларды ескермегенде) әр шумағының төрт қатары а-а-в-а түрінде ұйқасып, 11 буынды өлшемге негізделеді. Бұл үлгі түркі жазба поэзиясының ажырамас атрибутына айналған.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

Алавия, М. (1974). Ўзбек халқ маросим қўшиқлари. Тошкент: Фан.

Алтайско-русский словарь: Научно-справочное издание. (2018). Горно-Алтайск: БНУ РА «НИИ алтаистики им. С. С. Суразакова». https://www.niialt.ru/attachments/article/300/250918-1_ars_2018.pdf

Ал-Кашгари М. (2005). Диван Лугат ат-Турк. Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М. Ауэзовой, индексы составлены Р. Эрмерсом. Алматы: Дайк-Пресс.

Анисимов, Р. Н. (2018). Архаизмы в олонхо: (к постановке проблемы генезиса якутского эпоса. В кн.: Эпическое наследие народов Якутии: традиции и современность (с. 45-48). Якутск: Медиа-Холдинг “Якутия”.

Балтаев, А. (2017, 18 January). Традиции туркменского свадебного торжества. <https://taryh-turkmen.blogspot.com/2017/01/>

Башкорттелеңакадемикһүзлеге.(2017).10 томда.Т.IX: (У-Щхәрефтәре).Ф.Ғ.Хисамитдинова редакцияһында. Өфө: Китап.

Бобир, З. (1971). Мухтасар. Тошкент: Фан.

Валиханов, Ч. (1984). Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии.

Давлетшина, Л. Х. (2026). Структурное ядро современного свадебного обряда татар на общетюркском фоне. Новые исследования Тувы, 1, 399-410. <https://doi.org/10.25178/nit.2026.1.22>

Изелбаев, М.Х. (2007). Боронғонан аманат. Өфө: Китап.

Имомназарова, Ш. (2015). Особенности жанра улан Ахангаранского района Узбекистана. Адабиётвамаданият, 1(15), 159-163. <https://journal.fledu.uz/wp-content/uploads/sites/3/2019/04/article-2098-6438.pdf>

Имомназарова, Ш. (2020). Ўлан ва лапар жанрларининг ўзаро муштарак ҳамда фарқли хусусиятлари. Farg'ona davlat universiteti. Ilmiy xabarlar, 1, 200-203. <https://sjfsu.uzsci.uz/uz/article/view?id=19742>

Исаев, К. (2022). Ўзбек халқ маросим қўшиқларидан “ўлан”нинг этник ва ғоявий-бадий хусусиятлари. “Oriental Art and Culture”. Scientific-Methodical Journal, 3(1), 509-514. <https://cyberleninka.ru/article/n/zbek-hal-marosim-shi-laridan-lan-ning-etnik-va-oyaviy-badiiy-hususiyatlari>

Кадыйров, И.Ш. (2021). Татар халкының туй жырлары: Себер ареалы. Казан: Татар энциклопедиясе һәм төбәкне өйрәнү институты.

Кирэй, М. (1961). Башкорт халкының эпик комарткылары. Өфө: Башкортостан китап нәшриәте.

Курышжанов, А. (1970). Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. – тюркско-арабского словаря. Алма-Ата: Акад. наук Каз ССР, Ин-т языкознания.

Мадаминов, А. (1967). Узлат ўлани ҳақида. Ўзбек тили ва адабиёти, 1, 59-62.

Мирзаев, Т., Сафаров, О., Ўраева, Д. (2008). Ўзбек халқ оғзаки ижоди хрестоматияси. Ўқув. қўлланма. Тошкент: Алоқачи.

Мукамбаев Ж. (1982). Эл ичи - өнөр кенчи. Фрунзе: Кыргызстан.

Навой, А. (2000). Мезон ул-авзон. МАТ. 20 томлик. Т. 16. Тошкент: Фан.

Орозова, Г. (2021). Фольклордук жанрлардын өзгөчөлүгү. Бишкек: Кыргыз Республикасынын улуттук илимдер академиясы.

Өмөтбаев, М. (1984). Йәдкәр: Шиғырзар, публицистик язмалар, тәржемәләр, халык ижады өлгөләре, тарихи-этнографик язмалар. Өфө: Башкортостан китап нәшриәте.

Пекарский, Э.К. (1959). Словарь якутского языка. Т.3, ч.1. Москва: Издание Академии наук СССР.

Пухов, И. (1962). Якутский героический эпос олонхо: основные образы. Москва: Издательство АН СССР.

Радлов, В.В. (1893). Опыт словаря тюркских наречий. Том 1. Книга 2. Санкт-Петербург: Типография Императорской Академии Наук.

Сағынадин, Г., Кәпұлы, Д., & Тоқшылықова, Г. (2025). Фольклорлық жанр және мәтін модификациясы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 152(3), 248–258. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-248-258>

Саримсоқов, Б. (1988). Маросим фольклори. Кіт.: Ўзбек фольклори очерклари. 1-том (152-223). Тошкент: Фан.

Сөләймәнов, Ә. (2016). Табын өләнә һәм ике табындаш. Ватандаш, 4, 155-169.

Пантусов Н.Н. (1890). Таранчинские песни. Санкт-Петербург: Типография Академии наук.

Уахатов, Б. (1974). Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым.

Шагдаров, Л.Д., & Черемисов К.М. (2010). Буряд-оруд толи. Бурятско-русский словарь. В двух томах. Т.2. О-Я. Улан-Удэ: Изд-во ОАО «Республиканская типография».

Юдахин, К. (1985). Кыргызча-орусча сөздүк. Москва: Советская энциклопедия.

Abdurahmonova, F. (2023). “Yor-yor” va “O’lan”. Journal of Education, Ethics and Value, 2(6), 36-43. <https://jeev.innovascience.uz/index.php/jeev/article/view/143>

Boyliyeva, U. (2022). Yor-yor va o’lan janrlarinin o’xshash va farqli jihatlari. Talqin va tadqiqotlar respublika ilmiy-uslubiy jurnali, 10, 151-155. <https://zenodo.org/records/7296287>

Clauson, G. (1972). An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford: Clarendon Press.

Geldiyev, G. (2000, 6-7 Ekim). Türkmenlerde “Düğün türküleri” veya “Ölenler”, “Yar-Yar”, “Leeran” Geleneği Doğrultusunda. I. Uluslararası Atatürk ve Türk Halk Kültürü Sempozyumu Bildirileri. <https://ekitap.ktb.gov.tr/TR-78683/turkmenlerde-dugun-turkuleri-veya-olenler-yar-yar-leera-.html>

İnayet, A. (2013). Uygur “yar-yar” ve “öleñ” koşakları üzerine. Uluslararası Uygur Araştırmaları Dergisi, 1(2), 25-35. <https://dergipark.org.tr/tr/pub/uygur/article/324290>

Кауиров, С. (2009). Folklor Üzerine Yazılar. Бишкек: КТМУ.

Köprülü, F. (1999). Edebiyat araştırmaları. Ankara: Türk tarih kurumu basimevi.

Muhamov, D. (1991, 3 dekabr). Öleñler. Яш коммунист. <https://kitapcy.su/olenler/>

Räsänen, M. (1969). Versuch Eines Etymologischen Wörterbuch Der Türksprachen. Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura. https://altaica.ru/LIBRARY/turks/Rasanen_VEWT%201969.pdf

А.Ж. Шарип

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ТЕРМИН «ÖLEÑ» В ТЮРКСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ: ГЕНЕЗИС И ЖАНРОВАЯ СПЕЦИФИКА

Аннотация. Статья посвящена изучению генезиса, общих истоков и жанровой трансформации понятия «öleñ», занимающего важное место в тюркской поэтике и представленного в различных фонетических вариациях (өлән, o’lan, өлән, үлән, өлән, öleñ, üleñ). Автор ставит целью выход за рамки узкорегionalных трактовок лексемы для систематизации ее функционального назначения в общетюркской словесности и унификации соответствующего понятийного аппарата. В качестве эмпирической базы всесторонне рассмотрено устное народное творчество казахов, кыргызов, узбеков, уйгуров, туркмен, татар, башкир и якутов. На междисциплинарной основе применены методы сравнительно-исторического, генетического, этимологического, структурно-семантического и контекстуального анализа. Верифицируются гипотезы о происхождении слова от древнеюркских корней ula- («соединять») либо ül-/öl- («измерять»). Предполагается, что изначально эта категория символизировала упорядочивание хаоса и диссонанса через ритмическую организацию. На основе сопоставления якутского олонхо и башкирского өлән обосновывается тезис о первичной связи объекта с героическим эпосом и его последующей эволюции в лирико-обрядовый жанр под влиянием социокультурных факторов. Выявлены универсальные черты песенной традиции в свадебном церемониале тюркских этносов. Раскрывается синкретическая природа «öleñ» (единство слова, музыки и перформанса), а также специфика его диалогического исполнения (айтыс). В заключении «öleñ» характеризуется как

единый культурный код народов Центральной Азии, Поволжья и Восточной Сибири. Выводы способствуют реконструкции поэтического наследия тюркского мира и актуализации общих фольклорных моделей.

Ключевые слова: тюркский фольклор, этнопоэтика, öleñ, этимологическая реконструкция, жанровая трансформация, синкретизм, свадебная обрядность.

A.Zh. Sharip

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE TERM «ÖLEÑ» IN TURKIC FOLKLORE: GENESIS AND GENRE SPECIFICITY

Abstract. This article investigates the genesis, common origins, and genre transformation of the concept “öleñ”, a cornerstone of Turkic poetics extant in various phonetic forms (өлөң, о’лан, өлөң, үлөң, өләң, öleñ, üleñ). The study aims to transcend narrow regional interpretations to systematize the lexeme’s functional role in pan-Turkic oral tradition and unify the corresponding conceptual framework. The empirical basis encompasses the folklore of Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, Uyghur, Turkmen, Tatar, Bashkir, and Sakha peoples. Employing a multidisciplinary approach, the research utilizes comparative-historical, genetic, etymological, and structural-semantic analyses. It verifies hypothesis tracing the term to Old Turkic roots ula- (‘to connect’) or ül-/öl- (‘to measure’), suggesting that the category originally signified the imposition of rhythmic order upon chaos. By comparing the Sakha олоңхо and Bashkir өләң, the author posits that the term was initially linked to heroic epics before evolving into a lyrical-ritual genre. The study identifies universal features of wedding song traditions across Turkic ethnicities and highlights the syncretic nature of “öleñ” (the unity of word, music, and performance) and its dialogic form (aitys). Ultimately, “öleñ” is characterized as a shared cultural code of the Turkic world, facilitating the reconstruction of its poetic heritage.

Keywords: Turkic folklore, ethno poetics, öleñ, etymological reconstruction, genre transformation, syncretism, wedding rites.

Reference

- Abduraxmonova, F. (2023). “Yor-yor” va “O’lan” [“Yor-yor” and “O’lan”]. *Journal of Education, Ethics and Value*, 2(6), 36-43. <https://jeev.innovascience.uz/index.php/jeev/article/view/143> [in Uzbek]
- Al-Kashgari, M. (2005). *Divan Lugat at-Turk* [Compendium of the languages of the Turks]. (Z.-A.M.Auezova, Trans.). Almaty: Dayk-Press. [in Russian]
- Alaviya, M. (1974). *Ozbek halq varosim qo’shiqlari* [Uzbek folk ritual songs]. Toshkent: Fan. [in Uzbek]
- Altaysko-russkiy slovar: Nauchno-spravochnoye izdaniye [Altai-Russian dictionary: Scientific reference edition]. (2018). Gorno-Altaysk: BNU RA “NII altaistiki im. S.S.Surazakova”. [in Altai&Russian] https://www.niialt.ru/attachments/article/300/250918-1_ars_2018.pdf
- Anisimov, R.N. (2018). *Arkhaizmy v olonkho: (k postanovke problemy yakutskogo eposa)*. [Archaicisms in Olonkho: On the problem of the genesis of the Yakut epic]. In *Epicheskoye naslediye narodov Yakutii: traditsii i sovremennost* [Epic heritage of the peoples of Yakutya: traditions and modernity] (pp. 45-48). Yakutsk: Media-Holding “Yakutya”. [in Russian]
- Baltaev, A. (2017, January 18). *Traditsii turkmenskogo svadebnogo torzhestva* [Traditions of the Turkmen wedding celebration]. Taryh Turkmen. <https://taryhturkmen.blogspot.com/2017/01/> [in Turkmen]
- Bashqort telenen akademik hyuzlege [Academic dictionary of the Bashkir language] (Vol.9, F.G.Kh-isamitdinova, Ed.). (2017). Ufa: Kitap.[in Bashkir]
- Bobir, Z. (1971). *Mukhtasar* [Brief treatise]. Toshkent: Fan. [in Uzbek]
- Boyliyeva, U. (2022). *Yor-yor va o’lan janrlarinin o’xshash va farqli jihatlari* [Similarities and differences between the yor-yor and ulan genres]. *Talqin va tadqiqotlar respublika ilmiy-uslubiy jurnali*, (10), 151-155. <https://zenodo.org/records/7296287> [in Uzbek]

Clauson, G. (1972). An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford: Clarendon Press. [in English]

Davletshina, L.Kh. (2026). Strukturnoye yadro sovremennogo svadebnogo obryada tatar na obshchetyurkskom fone [The structural core of the modern wedding rite of Tatars against the general Turkic background]. Novyye issledovaniya Tuvy [The New Research of Tuva], 1, 399-410. <https://doi.org/10.25178/nit.2026.1.22> [in Russian]

Geldiyev, G. (2000, October 6-7). Türkmenlerde “Düğün türküleri” veya “Ölenler”, “Yar-Yar”, “Leeran” Geleneği Doğrultusunda [In the direction of the tradition of “Wedding songs” or “Olenler”, “Yar-yar”, “Leeran” among Turkmens]. In I. Uluslararası Atatürk ve Türk Halk Kültürü Sempozyumu Bildirileri [Proceedings of the 1st International Atatürk and Turkish Folk Culture Symposium]. <https://ekitap.ktb.gov.tr/TR-78683/turkmenlerde-dugun-turkuleri-veya-olenler-yar-yar-leera.html> [in Turkmen]

Idelbaev, M.Kh. (2007). Boronghonan amanat [A legacy from antiquity]. Ufa: Kitap. [in Bashkir]

Imomnazarova, Sh. (2015). Osobennosti zhanra ulan Akhangaranskogo rayona Uzbekistana [Features of the ulan genre of the Akhangaran district of Uzbekistan]. Adabiyot va madaniyat [Literature and Culture]. 1(15), 159-163. <https://journal.fledu.uz/wp-content/uploads/sites/3/2019/04/article-2098-6438.pdf> [in Uzbek]

Imomnazarova, Sh. (2020). O'lan va lapar janrlarining o'zarohamda farkli hususiyatlari [Common and distinct features of the ulan and lapar genres]. Farg'ona davlat universiteti. Ilmiy xabarlar [Scientific Reports of Fergana State University], (1), 200-203. <https://sjfsu.uzsci.uz/uz/article/view?id=19742> [in Uzbek]

İnayet, A. (2013). Uygur “yar-yar” ve “öleñ” koşakları üzerine [On uygur “yar-yar” and “olen” quatrains]. Uluslararası Uygur Araştırmaları Dergisi, 1(2), 25-35. [in Turkish] <https://dergipark.org.tr/tr/pub/uygur/article/324290>

Isaev, K. (2022). Uzbek halq marosim qo'shiqlaridan “o'lan”ning etnik va g'oyaviy-badiiy hususiyatlari [Ethnic and ideological-artistic features of “ulan” from Uzbek folk ritual songs]. Oriental Art and Culture, 3 (1), 509-514. <https://cyberleninka.ru/article/n/zbek-hal-marosim-shi-laridan-lan-ning-etnik-va-oyaviy-badiiy-hususiyatlari> [in Uzbek]

Kadyrov, I.Sh. (2021). Tatar halqynyng tuy jyrlary: Seber arealy [Wedding songs of the Tatar people: Siberian area]. Qazan: Tatar entsiklopediyase hem tebyakne oyryanu instituty. [in Tatar]

Kayıpov, S. (2009). Folklor Üzerine Yazılar [Writings on folklore]. Bishkek: KTMÜ. [in Turkish]

Kirey, M. (1961). Bashqort halqynyng epik qomartqylary [Epic monuments of the Bashkir people]. Ufa: Bashkortostan kitap nashriyete. [in Bashkir]

Köprülü, F. (1999). Edebiyat araştırmaları [Literary researches]. Ankara: Türk tarih kurumu basımevi. [in Turkish]

Kuryshzhanov, A. (1970). Issledovaniye po leksike starokypchakskogo pismennogo pamyatnika XIII v. – tyurksko-arabskogo slovarya [Study of the lexicon of the Old Kipchak written monument of the 13th century – A Turkic-Arabic dictionary]. Alma-Ata: Akad. nauk Kaz SSR , Institut yazykoznaniya. [in Kazakh]

Madaminov, A.(1967). Uzlat o'lanı haqida [About the Uzlat ulan]. O'zbek tili va adabiyoti [Uzbek Language and Literature], (1), 59-62. [in Uzbek]

Mirzaev, T., Safarov, O., & O'rayeva, D. (2008). O'zbek halq og'zaki ijodi xrestomatiyasi: O'quv qo'llanma [Chrestomathy of Uzbek folklore: Educational manual]. Toshkent: Aloqachi. [in Uzbek]

Muhamov, D. (1991, December 3). Öleñler [Songs]. Yash kommunist [Young Communist]. <https://kitapcy.su/olenler/> [in Turkmen]

Mukambaev, Zh. (1982). El ichi – onor kenchi [The people are a treasure trove of art]. Frunze: Kyrgyzstan. [in Kyrgyz]

Navoi, A. (2000). Mezon-ul-avzon [The scale of measures]. In MAT: 20 tomlik [Complete works: in 20 volumes]. (Vol.16). Toshkent: Fan. [in Uzbek]

Omotbaev, M. (1984). Yadkar: Shighyrzar, publitsistik yazmalar, tarzhemeler, halq ijady olgolare, tarikhi-etnografik yazmalar [Heritage: Poems, journalistic writings, translations. Examples of folklore, historical and ethnographic records]. Ufa: Bashkortostan kitap nashriyete. [in Bashkir]

-
- Orozova, G. (2021). *Folklorduk zhanlardyn ozgocholugu* [Specificity of folklore genres]. Bishkek: Kyrgyz Respublikasynyn uluttuk ilimler akademiyasy. [in Kyrgyz]
- Pantusov, N.N. (1890). *Taranchinskiye pesni* [Taranchi songs]. Sankt-Peterburg: Tipografiya Akademii nauk. [in Russian]
- Pekarskiy, E.K. (1959). *Slovar yakutskogo yazyka* [Dictionary of the Yakut language]. (Vol.3, Part 1). Moskva: Izdaniye Akademii nauk SSSR. [In Russian]
- Pukhov, I. (1962). *Yakutskiy geroicheskiy epos olonkho: osnovnyye obrazy* [Yakut heroic epic olonkho: Main images]. Moskva: Izdatelstvo AN SSSR. [in Russian]
- Radlov, V.V. (1893). *Opyt slovarya tyurkskikh narechiy* [Attempt a dictionary of Turkic dialects]. (Vol.2, Book 2).. Sankt-Peterburg: Tipografiya Imperatorskoy Akademii Nauk. [in Russian]
- Räsänen, M. (1969). *Versuch Eines Etymologischen Wörterbuch Der Türkisprachen* [An attempt at an etymological dictionary of the Turkic languages]. Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura. [in Finnish] https://altaica.ru/LIBRARY/turks/Rasanen_VEWT%201969.pdf
- Saghynadin, G., Kapuly, D., & Toqshylyqova, G. (2025). *Folklorlyq zhanr zhane matin modifikatsiyasy* [Folklore genre and text modification]. L.N.Gumilyov atyndaghy Yeuraziya ulttyq universitetining Khabarshysy. Philologiya seriyasy [Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University. Philology series]. 152(3), 248–258. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-248-258> [in Kazakh]
- Sarimsoqov, B. (1988). *Marosim folklori* [Ritual folklore]. In *O'zbek folklori ocherklari* [Essays on Uzbek folklore] (Vol.1, pp. 152-223). Toshkent: Fan. [in Uzbek]
- Shagdarov, L.D., & Cheremisov, K.M. (2010). *Buryaad-orod toli*. Буряад-ород толи. Buryatsko-russkiy slovar [Buryat-Russian dictionary]. (Vol.2). Ulan-Ude: Izd-vo OAO "Respublikanskaya tipografiya". [in Buryat&Russian]
- Solaymanov, A. (2016). *Tabyn o'lane ham ike tabyndash* [The Tabyn ulan and two companions]. *Vatandash*, 4, 155-169. [in Bashkir]
- Uakhatov, B. (1974). *Qazaqtyng khalyq olengderi* [Kazakh folk songs]. Almaty: Ghylym. [in Kazakh]
- Valikhanov, Ch. (1984). *Sobraniye sochineniy v pyati tomakh* [Collective works in five volumes] (Vol.1). Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya Kazakhskoy sovetskoy entsiklopedii. [in Russian]
- Yudakhin, K. (1985). *Kyrgyzca-oruscha sozduk* [Kyrgyz-Russian dictionary]. Moskva: Sovetskaya entsiklopediya. [in Kyrgyz&Russian]

Автор туралы мәлімет:

Шәріп Амантай Жарылқасынұлы – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6704-2246>

Шарип Амантай Жарылқасынұлы – доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6704-2246>

Sharip Amantay Zharylkasynuly – Doctor of Philology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6704-2246>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).